

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – Б.36-37

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Бариева Е.

Еліміз өз конституциясын қабылдағаннан кейін, нарық экономикасын орнатуға кіріскенімізде жер мәселесінде бірден төтенше қадамдарға бара қойғанымыз жоқ. Елбасы өзінің «Қазақстандық жол» атты еңбегінде атап көрсеткеніндей, еліміздегі жер қатынастары эволюциялық түрде, яғни уақыт пен заман талаптарын ескере және мәселенің пісіп-жетілуі ырғағын сақтай отырып бірте-бірте дамытылу үстінде. Жер қорларын ұтымды және тиімді пайдалану – халық шаруашылық маңызды мәселе. Ол халық шаруашылығы салалары арасында жерді дұрыс үлестіруді, қоғамға керек ауыл шаруашылық өнімді толық алуды, топырақтың құнарлылығын сақтау және жүйелі түрде жоғарылатуды көздейді. Осы мәселені шешу үшін жер кадастрын толық, қомақты түрде жүргізу керек. Қазіргі уақытта жер учаскілерін түгендеу, заңсыз пайдаланылған жер учаскілерін анықтау және оны мемлекеттік жер қорына қайтару, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын қолдану, жер-кадастрлық кітаптарды жүргізу, лицензиялармен жұмыс жасау, мемлекет меншігіне заңсыз пайдаланып отырған жерлерді қайтару және тағы да басқа жұмыстарды жүргізу қажеттілігі туындап отыр[1]. Жерлерді ұтымды пайдалануға, ғылыми негізделген ауыспалы егістікті енгізу және игеруге шаруашылық ішінде жерге орналастыру жобаларының болмауы және олардың жүзеге аспауы кедергі келтіреді.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану-жер учаскелерінің меншік иелерімен жер пайдаланушылардың ауыл шаруашылығы өнімін өндіру процесінде жер пайдалану мақсаттарын жүзеге асыруда жерді қорғауды және табиғи факторлармен өзара оңтайлы әрекеттесуді есепке ала отырып, топырақтың құнарлылығымен, жердің мелиоративтік жай-күйінің айтарлықтай нашарлауына әкеліп соқтырмайтын тәсілдерімен жоғары дәрежеге жетуді қамтамасыз ету[2]. ҚР Президентінің 2011 жылғы 11 қарашадағы форумында: «Ауыл шаруашылығын дамыту – 7 000-ға жуық ауылды өркендетіп, ел азаматтарының тең жартысының жағдайын жасау деген сөз. Сондықтан біз бұл салаға айрықша назар аударып, тәуелсіздік жылдарында ерекше көңіл бөліп, көп қаражат жұмсап келе жатқанымызды білесіздер» деп айтып кеткен болатын[3].

Ақмола облысының Бурабай ауданының жалпы территориясы ауқымды жерді алып жатыр шамамен 594 498 гектар жерді құрайды екен. Бурабай

ауданының 2014 жылғы жер есебінен алынған мәліметтер төменгі кестеде көрсетілген.

Кесте 1 Ақмола облысының Бурабай ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің құрылымы

Ауыл шаруашылығы жерлері	га	%
егістік жерлер	203 359 га	60,6
жайылым	124 692 га	37,2
шабындық	880 га	0,3
көп жылдық екпелер	410 га	0,1
тыңайма	5 836 га	1,7
бұталар	18 га	0,04
тағы басқа	25 га	0,06
Барлығы:	335 220 га	100

Байқап отырғанымыздай ауданның ауыл шаруашылығы жерлерінің жартысынан көбін 60 пайызын егістік жерлері құрап жатыр.

Бурабай ауданы бойынша 397 618 га жерге түгендеу жүргізілді оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 334 439 га, сонымен қатар елді-мекендердегі ауыл шаруашылығы алаптарына 63 179 га. Түгендеу барысында ауыл шаруашылығы мақсатында қолданылмай жатқан: 41 696,7 га, оның ішінде тыңайма -118 04 га, жайылым – 30 126,7 га жерлер анықталды. Осы жерлерді ҚР Президентінің сөздеріне сүйене отыра осы ауыл шаруашылығында қолданылмай жатқан жерлерді мүмкіндігінше игеріп, жағдайын жақсартып қолданысқа енгізілсе. Өйткені ауыл шаруашылығы— материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен камтамасыз етумен айналысады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфуллин оқулары – 9: «Ауыл шаруашылық жерлерді тиімді пайдалану негіздері» Аппаз Б.С., Артықова Г., 3-5 б.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1297 Астана, Үкімет Үйі Ауыл шаруашылығындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қаулысы,

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің республикалық форумында сөйлеген сөзі. 11.11.2011ж. <http://www.akorda.kz/>

4. Land Use Analysis in Terms of Farmland Protection in the Czech Republic, Janku J, Sekac P, Barakova J, Kozak J, SOIL AND WATER RESEARCH Том:

11 Выпуск: 1 Стр.: 20-28 CZECH ACADEMY AGRICULTURAL SCIENCES,
TESNOV 17, PRAGUE, 117 05, CZECH REPUBLIC, 2016